

06.02.2014

## **Өнердің айтулы шаңырағы**

**Раушан НҮРША.**

*Мәдениетіміздің мақтанышына айналған, облысымыздағы өнердің қара шаңырағы Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестігі өзінің 75 жылдық мерекесін атап өткелі отыр. Арқа өңіріндегі талантты әрі дарынды әншілер шоғырын топтастырып отырған осынау айтулы ұжым, кеншілер өлкесінде 1938 жылдың 6 наурызында облыстық филармония ретінде құрылған болатын. Ал, 1990 жылдың 16 сәуірінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен ұжымға Қазақстанның халық артисі Қали Байжановтың есімі берілді. Алғашқы жылдардан бастап-ақ өнер шаңырағы қалың жұрттың жүрегіне жол тауып, талғамын тәрбиелеп, музыка мәдениетін сіңіруді жолға қоюмен өз міндетін абыройлы атқарып келеді.*

### **Өткен күндер белестері**

Аталмыш ұжымның алғашқы легінде кейіннен мәртебелі атақ-абыройларға ие болған, Қазақ КСР-нің халық артисі Жүсіпбек Елебеков, Қали Байжанов, Борис Орлов, Нұғыман Әбшев, Зәбира Жұбатова, Рахия Қойшыбаева, Үрия Тұрдықұлова, Қосымжан Бабақов, Мағауия Хамзин, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген артистері Валентина Пирогова, Қуан Лекеров, Мағауия Көшкімбаев, Алтын Әлиева, Қайныкен Әлімбаева тәрізді өнер тарландары еңбек еткендігін мақтанышпен атап айтуға болады. Осылардың ішінде Қали Байжанов аталмыш ұжымның іргесі бекіп қалыптасуына, өркен жайып өсуіне аса зор ықпал етіп, үлесін қосты. Қалекен осында жүріп 1938 жылы Республиканың еңбек сіңірген артисі, 1945 жылы Халық артисі атақтарын алды. Қазақ өнерінің осындай жұлдыздары іргетасын қалаған ұжым бүгінде Республикамыздағы іргелі де беделді, мақтан тұтар айтулы өнер шаңырақтарының бірі болып отыр.

Иә, бүгінгі күні мерейлі мерекесін атап өтіп отырған ұжымның тарих беттерін парақтасақ, осы жылдар легінде филармония жанынан құрылған қаншама ансамбльдер, оркестрлер, шығармашылық топтар өздерінің шынайы өнерлерімен жарқырап көрінді, сахнаның сәні болып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Олар халқымызды рухани жағынан байытумен бірге, мәдениетіміз бен өнеріміздің небір шұрайлы шығармаларын, салт-дәстүріміздің озық үлгідегі інжу-маржандарын тек елімізде ғана емес, сондай-ақ одан тыс алыс-жақын шетел жұртшылығына да кеңінен насихаттауда қыруар істер тындырды. Ендігі әңгімеміз осылар жайында сыр шертеді.

**«Сарыарқа» ансамблі** 50-жылдардың басында филармония жанынан құрылған алғашқы қарлығаштардың бірі болатын. Қазыбай Ешімов, Ләйлә Қажымұратова, Жаңыл Қартабаева, К.Жетімтаева, тағы басқалары тәрізді өнер иелері ансамбльдің құрамына енді. Осылардың ішінде жүрекке жылы тиетін қоңыр дауысы (баритон) бар Қазыбай Ешімов өте талантты әнші болды. Ол 1936 жылы Мәскеудегі онкүндікке қатысып, «Тілеуқабақ», «Назқоңыр», «Алқоңыр» әндерін айтып, Мәскеу халқын тәнті еткен. Ал, Алматының хореографиялық училищесін бітіріп келген биші Ләйлә Қажымұратованың өнері көпшіліктің көңілінен ұдайы шығып, жұртшылықтың ықыласын иеленді. Сондай-ақ Жаңыл Қартабаеваның домбырамен қосылып айтқан әндері республикалық радиодан жиі беріліп, халықтың жүрегіне жол тауып жатты.

Александр Варламовтың басқаруында 1955 жылы құрылған тұңғыш эстрадалық оркестр, қала өміріндегі ерекше жаңалық болып саналды. Оркестрдің орындауындағы эстрадалық әуендер өз тыңдаушыларына жетті. Негізі эстрадалық деп аталғанымен оркестр өз репертуарында джаз музыкасын молынан қамтып, 1982 жылы цирк ғимараты ашылғаннан бері өз шығармашылықтарын осы ортамен тығыз байланыстырып келеді. Негізі қаламызда музыканың, өнердің мықты мектебі қалыптасқан десек, оның алғашқы іргетасын өз ісіне берілген талантты азаматтар қалаған болатын, яғни, джаз оркестрі сол кездегі филармония директоры Я.М.Симановскийдің ықпалымен құрылды. 1994 жылы оркестрдің Кеншілер мәдениет сарайы жанындағы алаңда цирк ойындарын әуенмен әрлегенін көрген Ян Михайлович, бірден осынау дайын тұрған оркестрді жарыққа шығару жөнінде ұсынысын білдірді. Көп ұзамай «Шалқымада» оркестрдің классикалық джаз шығармаларын қамтыған жеке концертті табысты өтті. Бүгінде оркестр ұжымы еліміз бен одан тыс жерлерге де кеңінен танымал. Ал, оркестрдің көркемдік жетекшісі әрі бас дирижеры облыс әкімі сыйлығының «Жыл дирижеры» номинациясы бойынша екі мәрте лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Игорь Андрейченко.

1945 жылдың 10 мамырында Қарағанды филармониясы Жамбыл атындағы Қазақтың Мемлекеттік филармониясының филиалы болып қайта құрылып, оған А.Стародубенко жетекшілік етті. Бұдан соң 30 жылдан астам Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атанған Петр Яновицкий басшылық етті. Ұжымның келесі жетекшісі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Ян Симановский болған-ды. Кейінгі жылдары концерттік бірлестіктің бас директоры Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Зейнолла Кәкуұлы Мейрамбеков болды, ал 2008 жылдан бастап бас директорлыққа белгілі әнші Талғат Нүсіпұлы Ыдырысов тағайындалды.

Осы жылдар ішінде ұжымның мықты құрамы қалыптасқандығын айтар едік. Ал, әрбір алға қойған іс-шаралардың ойдағыдай орындалуы, ұжымның ауызбіршілігі мен өз істерін жетік білетін мамандар арқылы жүзеге асып жатты. Солардың бірі – бас директордың концерттер ұйымдастыру жөніндегі орынбасары қызметін отыз жылдан аса атқарған, бүгінде зейнеткер Нина Бобровскаямен бірер ауыз тілдескенде: – 1982 жылдан бері осы қызметті атқардым. Негізі шет елдерден, әлемнің әр түкпірінен келетін артистердің қай-қайсысы болмасын қарағандылық көрермендердің, жалпы халқымыздың өте нәзік сезімталдығын, талғампаз-талапшылдығын жоғары бағалайды. Мәселен, талай жұртты орындаушылық шеберліктерімен тамсандырған сахна жұлдыздары: В.Пикайзен, Н.Гутман, И.Ойстрах, А.Севидов, М.Плетнев, В.Крайнев, М.Воскресенский, С.Рихтер, Л.Власенко, Э.Грач біздің қаламызда өнерлерін көрсетіп, халқымызға деген шынайы ризашылық көңілдерін білдіріп кетті. Оған біздер қанаттанып қалатынбыз. Әлі есімде, сексенінші жылдары атақты пианист Ю.Башмет келді, «Октябрь» концерт залында (қазір «Шалқыма» деп аталады – **авт.**) өнер көрсетті, халықтың көптігінен ине шаншар жер қалмаған. Башметтің қатты толқығаны соншалық, концерттен кейін ол, Англиядан, скрипкашылардың халықаралық конкурсынан кейін бірден Қарағандыға келгендігін, дәл осындай ыстық ықыласты қабылдауды ол жерде сезінбегендігін айта келіп, өзін осынша құрметтеген қазақ халқына, қарағандылықтарға шексіз алғысын білдіргендігін ешқашан ұмытпаймын, - деді.

Ал, Алматы мемлекеттік консерваториясын бітіргеннен кейін еңбек жолын осы ортада бастап, бас директордың орынбасары қызметіне дейін көтерілген Ғазиз Әжбағамбетов өз ойын былайша бөлісті: – 1989 жылы жас маман ретінде Қарағанды облыстық филармониясы әкімшілігінің шақыруымен осындағы Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің артисі ретінде қызметке қабылдандым. 1990 жылы оркестрдің директорлығына тағайындалып, он алты жылдай осы өнер ұжымымен біге қайнасып еңбек еттік. Осы кезеңдерде өзім куә болып, өмірлік қағида ретінде есте қалған екі оқиғаны айтқым келіп отыр. Оның бірі – ол кезде оркестрге мэтр-дирижер Шамғон аға Қажығалиев жетекшілік жасайтын. Бір ауылға концерт қоюға келдік. Сахнада жетпіс адамдық оркестр ұжымы орналасқан, көрермендер саны отыз шақты ғана.

Ауылдың әкім-қаралары осындай атақты адамның концертіне халықты жинай алмағандарына қатты қысылып дәм ішіп, құрметті қонақ болып кетуге ұсыныс жасады. Ал, Шәкең болса бірден бас тартып: «Қанша адам болса да концертімізді ұсынамыз, мәселен, мың адам келсе, соның біреуі ғана өнерді шынайы түсініп, қошеметтеуі мүмкін, сондықтан, залда отырған көрермен жұртты сыйлау қажет», - деп концертті бастан аяқ әдемілеп қойып шықтық. Міне, өнер нағыз халықтікі екендігін, олардың алдында шеншекпеніңді бұлдауға болмайтындығын Шамғон аға осылайша өз ісімен дәлелдеген болатын.

Енді бірде Бибігүл Төлегенова апамыздың 80 жасқа толуына орай Түркияға оркестрмен өнер көрсетуге бардық. Осы елдегі кезекті концертімізді қоятын орын шағындау, оның үстіне сахнаның қолайсыздығы байқалды. Бибігүл апаның сахнаға шығу кезегі келгенде оның тарлығы ыңғайсыздық тудырып, біздер дирижердың алдынан өтіп шыға беріңіз деген ұсыныс айттық. – Жоқ, дирижердың алдын ешқашан да кесіп өтпеу керек, сахнаның жазылмаған өз заңы бар өнерді, дирижерды құрметтеу міндетіміз,- деп, айналып барып, көрерменнің алдына шыға берді.. Міне, халқымыздың бүгінгі мақтаныштары, өнер тұлғаларының дуалы ауыздарынан естіп, көзім көрген осындай жағдайлардан қазіргі жастарымыз үлгі-өнеге, сабақ алса деймін.

Ғазиз Салықұлы Халықаралық «Шабыт» фестивалінің және облыс әкімінің «Қайнар» жастар сыйлығының лауреаттықтарын иеленген, «Арқа сазы» фольклорлық ансамблінің де директоры болды. Ансамбльдің аяғынан тұрып атақ-абыройға бөленуінде, көптеген шет елдерде табысты өнер көрсетуінде Ғазиздің де үлесі мол болғандығын атап айтқан жөн.

Классикалық музыканы дәріптеуде 1956 жылы құрылған шекті аспаптар квартеті ұжымының қосқан үлесі атап айтарлықтай. Республикалық конкурстың лауреаты атанған квартет құрамында әр жылдары В.Роот, Г.Матафонов, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген артисі А.Сапежников, О.Узинг, В.Якимов, В.Осокин, Ә.Кәменов, А.Шульман, З.Дюскина, В.Алпеев тәрізді өнер шеберлері табысты еңбек етті. Сонымен бірге қазіргі күні ТҮРКСОЙ – Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымының Бас хатшысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор жерлесіміз Дүйсен Қорабайұлы Қасейінов осы шекті аспаптар квартетінде еңбек жолын бастағанын мақтанышпен айтуға болады.

Ал, Аймақтық конкурстың лауреаты, күйсандық шебері Руслана Штеренберг 60-жылдардан бастап-ақ жеке концерттерін беріп, классикалық аспаптық әуендердің кеншілер қаласындағы жанкүйерлерін талай жыл бойы әлемдік музыканың озық үлгілерімен сусындатты.

### **Өнер өрінде**

Ендігі жерде Қарағандының өз оркестрлерін құру мәселесі күн тәртібінде тұрды.

Халықтық және эстрадалық өнерді бір арнаға тоғыстырғаннан соң классикалық музыканы жұртшылық арасында кеңінен насихаттау қажет болды. Осындай ниетпен 1956 жылы музыкалық лекторий өмірге келді. Музыкалық училищенің В.Петлюк, Н.Дмитриенко, Н.Зубова, Н.Сигарева, А.Галкина тәрізді ұстаздары оның жұмысына белсене қатысты. Музыкалық лекторий композиторлар өмірінен жан-жақты мағлұматтар беріп, олардың шығармаларын орындап, әңгіме-концерттер өткізді.

1971 жылы жан-жақтан келген өнерлі жастардың басын біріктірген «Гәкжу» ансамблі ұйымдасты. Оған Қарқаралының халық театрынан көркем сөз шебері Қажет Гинаятова, эстрада студиясын бітірген Айбану Салықова, Төлеухан Тұтанов, Мәкен Мұқышева, Сарқыт Күзеуов келіп, ансамбльдің іргетасын қалады. Қазіргі күні елімізге танымал әншілер Айткүл, Қанат Құдайбергеновтер өнердегі тұңғыш қадамдарын біздің ұжымда бастаған-ды. Оларға Ә.Қашаубаев атындағы әншілер конкурсының лауреаты, кейіннен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атағын алған Мейірхан Адамбеков қосылып, ансамбльдің беделін көтеруге қомақты үлестерін қосты.

«Гэкку» ансамблінің қазіргі мұрагері «Әуен» ансамблі деуге болады. 1995 жылы ансамбльді құруға атсалысып, оның алғаш шымылдығын ашқан Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Мақат Рымжанов болатын. Ансамбль құрамында үздік өнерлерімен танылған әнші-орындаушылар топтасты. Сондай-ақ қазіргі күні кілең талантты жігіттерден құралған «Шындауыл» ұрмалы аспаптар ансамблінің де ерекше өнері жұртшылықты тәнті етіп жүр.

«Арқа сазы» фольклорлық ансамблі – кейінгі жылдар жемісі. Аз уақыт ішінде өнерімен танылып, халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты болған ансамбльдің репертуарында негізінен сирек орындалатын халық әндері мен күйлері қамтылған. Бүгінгі күні он жылдық шығармашылық жолында Германия, Франция, Түркия, Оман Сұлтанаты, Кувейт елдерінде болып қайтты. Ансамбльдің көркемдік жетекшісі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ә.Шоқанбаев, директоры З.Шәріпова.

Назгүл Әбілхан жетекшілік ететін 20 жылдық тарихы бар «Акку» фольклорлық-хореографиялық ансамблі де Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты. Дүние жүзі елдерін түгелдей аралап, мың бұралған билерімен тәнті етіп үлкен сахналардың сәні болып жүрген ансамбль репертуарында әлем халықтарының 40-тан астам биі қамтылған.

Қазіргі күні қалың қауымның ықыласына бөленген Симфониялық оркестр 1983 жылы ұйымдасқан-ды. Қаламыздағы күрделі музыканы ойнауға шеберлігі жететін, кәсіби музыканттар шоғырланған бұл ұжым, көрермендер деңгейінің де өскендігін көрсетті. Алғашқы дирижері Қазақстанның халық артисі Төлепберген Әбдірашев болды. Әр жылдары оркестрді дирижерлар Н.Клинов, В.Норец, С.Ферулев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қ.Ахметов, П.Грибанов басқарып, оның қалыптасып өсуіне, шеберлігін шыңдауға көп еңбек сіңірді.

Симфониялық оркестр өзінің 30 жылдық белестерінде көптеген даңқты дирижерлармен, әншілермен талай әлемдік сахна төрін ән-әуенге бөледі. Испания, Германия, Франция, Ресей, Украина елдерінде болып талғампаз жұртшылығын жоғары шеберліктерімен таң-тамаша қалдырды. Ал, биылғы жылы оркестр ТҮРКСОЙ – Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымының 20 жылдығына және Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің 75 жылдығына орай Бас хатшы Дүйсен Қасейіновтің қолдауымен Түркияның жеті қаласында өнер көрсетіп, зор ықыласқа бөленіп келді.

### **Тәттімбет атындағы Академиялық халық аспаптары оркестрі**

1988 жылы облыс тарихына ерекше оқиға болып енген, 25 адамнан тұратын қазақ халық аспаптары оркестрі бас дирижері Дүйсен Үкібайдың басшылығымен шаңырақ көтерді. Екі жылдан соң оркестрге шертпе күйдің атасы, ұлы күйші Тәттімбеттің есімі берілді.

1991-1994 жылдары бас дирижері Қ.Сайжанов болды. Оркестрдің тұсауын кескен КСРО халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Шамғон Қажығалиев болды. 1992 жылы ол оркестрді басқаруға шақырылды. Маэстро өзінің бай шығармашылық тұжырымдамасымен келіп, ұжымның орындаушылық шеберліктерін жоғары деңгейге жеткізді. Оркестр еліміздегі ең үздіктердің қатарынан көрініп, «Академиялық» құрметті атағын иеленді. Ұжым мүшелері АҚШ, Франция, Швейцария, Швеция, Чехия, Иран, Ирак, Ресей, Оңтүстік Корея, т.б. елдерде гастрольдік сапарда болды. Ұжымның осындай биіктерге жетуіне концертмейстерлер Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, қобызшы Ғ.Болтаева мен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, домбырашы П.Ташимов айтулы үлестерін қосып келеді.

2008-2013 жылдар аралығында оркестрдің көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері Ерлан Бақтыгерей болды. 2013 жылдың қыркүйегінде оркестр Францияға барып, Париж және Стразбург қалаларында Азербайжан халқының «Аршын мал алан» музыкалық қойылымын көрсетіп, зор ықыласқа бөленіп келді. Ал, желтоқсан айында оркестр өзінің 25 жылдығын атап өтіп, мерекелік концертте Қырғыздың халық артисі Бақыт Тилегенов,

Өзбекстанның халық артисі, профессор Фарух Садықов, Азербайжанның халық артисі Ағаберді Пашаев тәрізді маэстро-дирижерлар өз өнерлерімен жиналған жұртты тәнті етті.

«**Мерей**» ансамблі музыкалық лекторий негізінде құрылды. Ансамбльдің бүгінгі көркемдік жетекшісі – Серік Асанбаев. Сондай-ақ И.Гракова, Э.Кичикян, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің бас жүлдегері С.Мұсайын, Республикалық конкурстардың лауреаттары Е.Найманбай, Г.Иринева және «Шабыт» фестивалінің лауреаты Г.Жүкіпбаева, Ә.Қарабаева, Қ.Дүйсенов, М.Шилманов, Е.Алшынбаев, Л.Пропищан, С.Хордин тәрізді өнер шеберлері топтасқан ансамбльдің бүгінгі атағы көпке танымал.

Өткен жылы он бесінші рет өткізілген «Әуенді Сарыарқа» халықаралық фестивалі концерттік бірлестіктің төл мерекесі екендігін атап айтқан жөн. Осынау өнер мерекесі облыс әкімдігінің және облыстық мәдениет басқармасының басшылығымен дәстүрлі өткізіліп келеді. Фестивальге алыс-жақын шет елдерден, Республика көлемінен, мұхиттың арғы жағынан да өнер шеберлері, музыка майталмандары қатысады.

Құрылғанына екі жылдай болған, ҚР мәдениет қайраткері А.Севостянов жетекшілік ететін «**Арай**» ансамблі де өзіндік қолтаңбасын көрсетіп үлгерді. Ансамбльдің ерекшелігі – ұйымдасқанына бір жыл толғанда халық алдында есептік концертін сәтті өткізіп, ықыласқа бөленді. Бұл ұжымда Д.Әркенов, А.Жүкенова, Г.Серікова, А.Қаппасов, Ә.Шәкенов, Ә.Думан, О.Фадеева, К.Николаева тәрізді республикалық, халықаралық конкурстардың лауреаттары топтастырылған.

Сонымен, жетпіс бес жылдық тарихы бар, қаншама өнер ұжымдарының басын біріктіріп отырған қара шаңырақ бүгінде көрерменнің жоғары талабын қанағаттандыра отырып, халқына деген қалтқысыз қызметін абыроймен жалғастыра бермек.

### **Талғат Ыдырысов**

#### **Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,**

#### **Қали Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігінің бас директоры:**

Өнер мен мәдениетіміздің кең қанат жайып өркендеп-өсуіне сүбелі үлесін қосып келе жатқан ұжымымыздың құрылғанына 75 жыл толып отыр. Бұл мәдениет майданында өнегелі еңбек еткен, қызығы мен қиындығы молынан астасқан жылдар легі десек, нақтырақ айтқандық еді. Қарағанды өңірі қашаннан ән мен күйге бөленген өлке екені дау тудырмасы белгілі. Күміс көмей, жезтаңдай әншілер мен саусағының желі бар күйшілердің басын біріктіріп, өнер ордасының шаңырағын көтеріп, уығын қадап, босағасын бекіту оңай шаруа болмағандығын атап айтқан жөн.

Өткен ғасырдың 30 – жылдарының басында облыстық радионың жанынан Қазақ хоры ашылғаны тарихымыздан мәлім. Киелі өнерге деген талпыныстың нәтижесінде тума дарындар осы ортаға тоғысып, халқына рухани байлық сыйлады. Дегенмен де филармонияның алар орны ерекше еді. Хордың құрамындағы әншілер іріктеліп, филармонияға шоғырланды. Халықтық өнердің тарландары ұжымның шығармашылық деңгейін жоғары көтеріп, ел ішіндегі беделін асқақтатты.

Халыққа мәдени қызмет көрсетуде филармонияның маңызы өте зор болғандығын айрықша айтқым келеді. Осы кезеңдерде кеншілер қаласы өнердің өркендеген ордасына айналды десем болғандай. Халықтың дәстүрлі өнерімен қатар, классикалық музыканың дамуына да даңғыл жол ашылды. Сөйтіп, қазіргі күні ол республикамыздағы беделді, өзіндік айшықты қолтаңбасы бар ұжымдардың бірі болып саналады.

Осы орайда сол кездегі облыстық Мәдениет басқармасының бастығы Омарбекова Рымбала Кенжебалақызының, сонымен қатар қазіргі күні ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, сол кездегі обкомның хатшысы Қуаныш Сұлтановтың өнер ұжымдарына, концерттік бірлестікке деген шексіз қамқорлығын айтпай кету мүмкін емес. Рымбала Кенжебалақызы Қарағанды облыстық атқару комитетінде басшылық қызметте болған кезінде-ақ филармонияға ұдайы қолдау-көмегін көрсетіп жүрді. Еліміз егемендік алған алғашқы жылдары кездескен қиындықтар салдарынан, республикадағы көптеген мәдениет ошақтары жабылып, өнер қауымы күнкөріс қамымен әр салаға тарағаны белгілі.

Ал, біздің өңірдегі өнер мен мәдениет саласын, оның ішінде концерттік бірлестіктің өнерпаздарын шашау шығармай ұстап қалу мәдениет майталманы, іскер басшы, мықты ұйымдастырушы Рымбала Кенжебалақызының қажырлы еңбегінің арқасында жүзеге асқандығын бәріміз мойындаймыз. Қазіргі күнге дейін өнер ұжымдарының жетістіктеріне қуанып, қиындықтарына налып отыратындығын жақсы білеміз. Ендеше, дәл осындай қамқоршысы бар абыройлы ұжымның ертеңі бүгіннен де нұрлы әрі жарқын болатындығына сенімдіміз.